bilimger.kz

Республикалық білім және ғылым порталы
https://bilimger.kz
*ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі тіркелген — Куәлік нөмірі:* ***KZ45VPY00102718***

2024

**БӨЛІМ: ИНФОРМАТИКА**

# HTML тілінде практикалық жұмыстар

| ЖАРИЯЛАНДЫ | СІЛТЕМЕ |
|---|---|
| 18.09.2024 | https://bilimger.kz/163680/ |

–

| | | |
|---|---|---|
| **Бөлім:** | 10.3А бөлім. Веб-жобалау | |
| **Педагогтің аты-жөні:** | Мынбаева К.Ж. | |
| **Күні:** | 31.01.2024ж | |
| **Сынып: 10 сынып** | Қатысушылар саны: | Қатыспағандар саны: |
| **Сабақтың тақырыбы:** | **HTML тілінде практикалық жұмыстар** | |
| **Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары:** | 10.4.2.1 web (веб)-парақшаларды әзірлеуде HTML (аш ти эм эл)-тегтерін қолдану | |
| **Сабақтың мақсаты:** | 1. HTML тілі және тегтерінің қызметімен танысып, қолдана алады;<br>2. Дыбыс пен бейнені енгізу жолдарын анықтай алады және HTML-де мультимедианы қолдана алады. | |

## Сабақтың барысы:

<table>
<tr><th>Сабақтың кезеңдері/уақыт</th><th>Педагогтің әрекеті</th><th>Оқушының әрекеті</th><th>Бағалау</th><th>Ресурстар</th></tr>
<tr><td>Сабақтың басы</td><td>Ұйымдастыру. Сәлемдесу, оқушыларды түгендеу.<br>Padlet тақтасының көмегімен оқушылардың көңіл-күйін бақылау.<br>Оқушыларға QR код тарату.<br>Топқа біріктіру.<br><br>Алдыңғы сабаққа шолу. Мұғалім өткен сабақ бойынша берілген тапсырманы тексереді. Сондай-ақ өткен сабақты жаңа сабақпен байланыстырады. Жаңа сабақтың мақсат-міндеттерімен таныстырады. Пәнаралық байланысты, құндылықты анықтау керек екенін ескертеді.</td><td>-Сәлемдесу<br>-Оқу<br>Padlet тақтасы арқылы кері байланыс береді.<br>Сандар арқылы топтарға бірігеді.<br><br>Алдыңғы сабаққа шолу жасайды.</td><td>Бағалау критерийі:<br>HTML тілі туралы біледі — HTML тегтері туралы біледі.<br><br>Мадақтау сөздер:<br>Жарайсың!<br>Талпын!<br>1-10 балл</td><td>Padlet тақтасы<br><br>Оқулық<br>https://jamboard.google.com/d/12CmYHy1Ptua35vqCGKR5J44aOcKpbRVwphJU6feCruA/edit?usp=sharing</td></tr>
<tr><td>Сабақтың ортасы</td><td>Мұғалім тапсырманы бастамас бұрын дескриптормен, тапсырманы орындау тәртібімен таныстырады.<br>Жеке жұмыс.<br>1-тапсырма. Практикалық жұмыс.<br>Веб-беттен дыбыс немесе бейнефайлға сілтеме жасап, аш. Ол үшін төмендегі қатарларды «Блокнот» программасында теріп, веб-бетті «index.html» атауымен сақта. «index.html» файлын ашқанда төмендегі веб-бет пайда болады. Дыбыс және бейнефайлдардың пиктограммаларын олардың жанына енгіз.<br><br>2-тапсырма.<br>Наурыз мейрамы жайлы веб-бет жаса. Бұл бетте наурыз жайлы ақпарат пен бейнеклип орналастыр. Браузер жұмысына арналған HTML кодтарын енгізіп,«index2.html» атауымен сақта. Қазақ қаріптері веб-бетте дұрыс көріну үшін сақтау терезесінде (кодировкада) «Юникод»-ты таңдау керек. HTML коды дұрыс енгізілгенде 1-суреттегі web-терезе пайда болады.<br>Тапсырманы орындау барысында:<br>1. Бейнефайл енгізілген жағдайда браузер терезесінде бейнеклиптің ойнауы жүзеге асады.<p>Наурыз мейрамы – ежелгі заманнан қалыптасқан жыл бастау мейрамы. Қазіргі күнтізбе бойынша (наурыздың 22-сі) күн мен түннің теңесуі кезіне келеді. Көне парсы тілінде нава=жаңа + рәзаңһ=күн, «жаңа күн» мағынасында, қазіргі парсы тілінде де сол мағынамен қалған (но=жаңа + роуз=күн; мағынасы «жаңа күн»), яғни «жаңа жылды» (күн өсуін белгілеуі) білдіреді.</td><td>Дыбыстық фон BGSOUND элементін веб-бетке енгізу керек.<br><BGSOUND src = «дыбыстық файл атауы»><br>Гиперсілтемелер арқылы дыбыстық және бейнефайлдарды ашуды үйрену керек.<br><br>Наурыз мейрамы жайлы веб-бет жасап наурыз жайлы ақпарат пен бейнеклип орналастыру керек. Браузер жұмысына арналған HTML кодтарын енгізіп,«index2.html» атауымен сақтау керек.<br><EMBED src= «бейнеатауы бар»><br><html><br><head><br><title>Наурыз мейрамы</title><br></head><br><body bgcolor=gold><br><H2 align=center> Наурыз мейрамы </H2></td><td>Дескриптор:<table><tr><td>Веб-беттен дыбыс енгізеді.</td><td>2</td></tr><tr><td>Гиперсілтемелер арқылы дыбыстық файлды енгізеді.</td><td>2</td></tr><tr><td>Бейнефайлдарды ашады.</td><td>1</td></tr></table>Жалпы балл-5<br><br>Дескриптор:<table><tr><td>Веб-бет жасайды.</td><td>1</td></tr><tr><td>Веб-бетті безендіреді.</td><td>2</td></tr><tr><td>Веб-бетке бейнебаян енгізеді.</td><td>2</td></tr></table>Жалпы балл-5</td><td>Оқулық<br>148 бет<br><br>Карточка<br><br>топтама<br><br>Оқулық<br>148 бет<br><br>https://jamboard.google.com/d/1935GoW2aq3u69vZt-bjD4Na1gbojO044oQMnYAZWV9g/viewer</td></tr>
</table>

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық құқықтар қорғалған. 

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Сабақтың соңы** | **«Соңғы түйін» әдісі** Мұғалім оқу мақсатына қайта оралады. Бүгінгі сабаққа байланысты сұрақ қояды. Сабақты бекітеді.<br>*1. Дыбыс пен бейнені енгізу жолдары қандай?* | Мақсат бойынша орындалған тапсырманы түйіндеу үшін оқушылар сұрақтарға жауап береді.<br>Жауабы:<br>Дыбысты ойнатудың негізгі элементтері –ойнату/пауза, трек ұзындығы, өткен және жиынтық дыбысталу уақыты, сонымен қатар, дыбыс деңгейі.<br><audio src=”URL”></audio><br><audio><source str=”URL”></audio> | Тапсырманы талапқа сай орындаған оқушылар бағаланады. 1-10 балл | Карточка |
| **Үй тапсырмасы** | **Рефлексия: «Блум» әдісі.**<br>• Мен бүгінгі сабақта ….. білдім.<br>• Мен осы сабақ барысында ….. түсіндім.<br>• Мен сабақ бойы …. қолдандым.<br>• Мен сабақта …. жинақтадым.<br>• Мен сабақ барысында … талдадым.<br>• Мен сабақта алған білімімді …. бағалаймын. | Үйге тапсырма алады. Оқушылар бүгінгі сабақ бойынша алған білімдерін саралайды. | Мұғалімнің ауызша бағалауы | Оқулық 149 бет<br>**https://jamboard.google.com/d/1_ZBK7JI-rVxT4nQNTLdzIpfpta4-3Vno46CeW1vJEUg/viewer** |

**ҚМ АА** Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі
© 2026 **Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы**. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.